

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

АБАЙТАНУШЫ



XX ғасырдың шым-шытырық шырғалаңға толы болғаны баршаға да аян. Сол себепті қазақ руханияты, бірде өрге өрлеп, енді бірде ылдиға құлдырап дегендей, дамуының өркеш-өркеш кезеңдерін бастан кешті. Қазақ әдебиеті алғаш рет әлемдік деңгейге Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» эпопеясы арқылы танылды.

Сол Мұхандай ғұламаның қасынан табылған жастың бірі – Әбіш Жиреншин (1913-1975) еді. Әбіш (шын аты – Әбусағит) Мұсылманқұлұлы 1945 жылы «Абай Құнанбаевтың творчествосы» тақырыбында ҚазМУ-дың ғылыми Кеңесі мәжілісінде кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шыққан. Бағыт-бағдар сілтеген ғылыми жетекшісі Мұханның өзі болған. Бұл ғылыми еңбектің қазақ топырағында Абай тақырыбына қорғалған алғашқы диссертация екенін атап айтуға тиістіміз.

Әбіштің келесі «Абай және оның орыс достары» деген ғылыми тақырыпты игеруі де ұлы ұстазының жөн-жоба сілтеуімен іске асқан.

Зерттеуші Жиреншиннің 1949 жылы жарық көрген сол кітабы қалың қауымды елең еткізді. Өйткені, еңбек архив деректері негізінде жазылып, тақырыпқа қатысты соны айғақтар ғылыми айналымға алғаш рет енген болатын.

Өкінішке қарай, 1949 жылы шыққан Орталық Комитеттің космополитизм туралы қаулысы тал шыбықтай желкілдеп өсіп, еңсе тіктей бастаған қазақ тарихы мен мәдениетіне, оның жаңа саласы – абайтануға ауыр соққы болып тиді. Мұхтар Әуезов пананы Мәскеуден табады. Семейлік шәкірті Қайым Мұхаметханов сотталып кетеді. Саяси қуғын-сүргін Әбіш ағаны да айналып өтпейді. Әсіресе, «Казахстанская правда» газеті бетінде жарық көрген, тарихшы Бекмахановтың кітабына білдірген оң пікірі бәле болып жабысады. Орталық мұражай директоры қызметінен босатылады. Ол ол ма, партиядан шығарылып, баспанасынан да қуылып, жер аударылады. Тек 1955 жылы ғана Алматыға қайтып оралуына мүмкіндік туады. Облыстық кітапханаға қызметке тұрып, партиялығын, кандидаттығын қайтарып алады.

Сталиндік қуғын- сүргін саябырлап, «Хрущевтік жылымық» басталған сол кездерде шығармашылық қауым, оның ішінде абайтанушы ғалымдар ес жиып, үзіліп қалған ғылыми тақырыптарын қайтадан қолға алғаны белгілі. Жиреншин ұстазы Мұханнан Абайдың бір томдық толық жинағын әзірлеу жайлы тапсырма алды. Оның 5 жылдай (1955-1961 жылдар аралығы) уақытты талап ететін аса ірі жоба екенін о баста кім білген.

Жинақ материалдарын даярлау, яғни Абай сөздерінің текстологиясы, жаңа өлеңдерді сүзгіден өткізу, сапалы түсініктемелер жазу, т.б. қатысты жауапкершілік Әбіш Жиреншинге жүктелген.

Сөйтіп, тынымсыз еңбектің нәтижесінде 1961 жылы Абайдың толық жинағы (көпшілік оны «сары кітап» дейді) жұртшылықтың қолына тиді. Ол кемел ұстаз Мұхтар Әуезовтің тікелей басшылығымен әзірленген соңғы жинақ болды. Бұл жинақ бұрынғы жинақтардан өзгереді. Неге десеңіз, ол қазақтың бағына 75 мың таралымымен жарық көрді. Бұрынғы, кейінгі Абай жинақтары дәл осындай таралыммен жарық көрген емес.

Абайдың бұл жинағы Жиреншиннің абайтанушы ғалым ретінде шыққан шыңы десе болады. «Сары кітапқа » байыппен тоқталайық . Онда Долгополовтың әскери губернаторға жолдаған өтініш хаты және Семей қаласы полицеймейстерінің рапорты, сол сияқты Абайдың қазіргі күні баршаға белгілі фотосуреттері алғаш рет жарияланды.

Айтулы жинақтың тағы бір ерекшелігі сауатты жазылған түсініктер дер едік. Абай жинағына түсініктер мұндай көлемде бұрын-сонды берілген емес. Ең бастысы, бұл ізденістер әлі күнге өз құндылығын, өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Бірақ «сары» кітаптың жарық көруі оны даярлаған авторға қуанышпен қатар, жүректі сыздатқан жайсыздықтар да әкелді. Жинақты сынап-мінегендер көбейді. Әбіш Жиреншин жинақтың алдына «Ақынның өмірі» және түйініне «Сөз соңынан» өзі жазған мақалалар топтамасын енгізген болатын. Сын сойылының ұшы негізінен соған тиді.

...Мұханның жетекшілігі жинақтың мазмұны мен құрылымынан айқын көрінеді. Айталық, Абайдың төл өлеңдері мен аудармалары бөлек берілген. Түсініктемелер кең

тынысты, ауқымды, ғылыми негізден еш ауытқымайды. Тыңнан із салған, жаңашыл қозғарастар көп. Мұхаң салған сара дәстүр деп осыларды айтамыз.

Бұл жинаққа оқырман назарын аударуы жайдан жай емес. Соңғы жылдардағы Абай жинақтарының түзілуі сын көтермейді. Мысалға 1995 жылғы екі томдық академиялық жинақта Абайдың төл өлеңдері мен аудармаларының мидай араласуы еріксіз «әй, қап!» дегізеді. Түсініктемелер, әсіресе, қара сөздерге қатысты байламдар солғын, мардымсыз. 27-ші және 38-ші қарасөздерді Абайдың өзі қойған төл атымен бөлек беру мүлде ескерілмеген. Қарасөздері ғана емес, кейбір өлеңдері де, оның ішінде «Кейіннен табылған өлеңдері», әлі күнге өз орнын таба алмай «адасып» жүр.

Әбіштің туған топырағы – Шыңғыстау. Ол «Абай жолы» эпопеясының кейіпкерінің бірі Жиренше бидің шөбересі. Семей қаласында бастауыш мектепті орысша тәмамдап, ауыл шаруашылығы техникумына түседі. Екі тілге бірдей жас жігіт губерниялық мекемеде жер өлшеуші, бөлім бастығы қызметін атқарады. Бірақ 1931-1933 жылдардағы қасірет оның өмір ағысын күрт өзгертеді. Ол әке-шешесі мен тоғыз бауырын аштық тырнағынан құтқару қамымен Шыңғыстаудан Өзбекстанның Термез қаласына қоныс аударады. Ташкенттегі Орталық Азия университетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтайды. Сол оқу орнында қызметте болады. Қазақ жеріне саяси репрессия саябырлаған 1938 жылдары ғана табаны тиеді.

Құнанбай ұрпағы – Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов Әбіштің қайын атасы еді. Әбіш Әрхамның қызы Саидаға үйленген. 1961 жылы Әбіш Жиреншиннің көмегімен Әрхам Ысқақовтың «Зағипа» поэмасы жеке кітап болып жарық көрді. Баянымыз толымды болуы үшін төменде Мұхтар мен Әбіштің қарым-қатынасына дәнекер болған Әрхамдай тұлғаға да тоқтала кетсек дейміз.

1928 жылдың күзінде кәмпеске науқаны басталып, Құнанбай, Абай ұрпақтарына тегіс тықыр таянады. Тұрағұл Абайұлы Шымкент қаласына жер аударылады. Бақанас артелінің бастығы қызметінде жүрген Әрхам Ысқақовқа Мұхтар Әуезов кеңес беріп, ол да Өзбекстан жерінен пана табады. Бақанас шығармашылық адамының есінен кетер емес. Оған дәйек, 1924 жылдың жазында Мұхаң Бақанасқа досы Әлкей Марғұланды ерте келеді. Сол сапардан алған эсерлері жайлы Әлекең былай дейді: «Мен алғаш Шыңғыстауға барғанда ол жердің адамдары маған өзге өңірлерден бүтіндей басқаша көрінді. Олардың үлкені де, кішісі де ойға батқан тұңғыық, аса кішіпейіл, лепіріп лағуды білмейді. ...Данышпан қариялар шалқыған ойларын тебіренге, салмақпен құйылтып, ой қозғайтын толғаулармен, түйінді термелермен адамды еріксіз өзіне тартып, кейде сөз арасында атақты ойшылдардан мысал келтіріп отыратын». Данышпан қариялар туралы соңғы сөйлемді оқып отырғанда Шәкәрім бейнесі көз алдымызға келеді. Сол кездерде Мұхаң ойшыл ақынды өзі шығара бастаған «Таң» журналына тартқан екен.

Әрхам Ысқақов артқыға «Абайдың өмір жолы» атты құнды мұра жазып қалдырды.

1939 жылы Ташкент маңында жүрген Әрхамды Семейге шақыртып, жаңадан ашылған Абай мұражайына қызметке орналастырған Мұхаң екен. Мұхаң дос ағасы Әрхам жайында: «Абайдың інісі Әрхам ақынжанды, нелер құнды тарихи әңгімелерді айтады. Ол әңгімеші ғана емес, өзі де білгір зерттеуші» деген жылы лебізін жазып қалдырған.

Иә, Мұхаңның қасынан табылып, абайтану ғылымының іргетасын қаласқан Әбіш Мұсылманкүлұлы – ғалымдық пен қайраткерлік тізгінін қатар ұстаған азамат.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романы былайша басталады: «Кәрі Шыңғыс тау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайыпқырандарды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті».

Міне, кәрі Шыңғыс бөктерінен түлеп ұшып, мұратына жеткен жастың бірі Әбіш Жиреншин демекпіз. Оның қайраткерлік істері осының куәсі.

Семейлік ардагер ақсақал Хафиз Матаев «Абай» журналының 2003 жылғы №2 санында жарияланған «Абайтану ғылымының білгірі» атты мақаласында 1969 жылы

Жиреншин маған хат жолдаған еді дейді. Ол хатында ғалым: «Абай ауданы кіндік кескен жерім, әлпештеп өсірген елім, қашанда көзге елестеп, ыстық көрінеді», дей келе, былай деп жазады: «1939-1945 жж. аралығында Қазақ ССР Халық комиссарлар Кеңесі алдына ұлы Мұхтар Әуезовке ілесіп, Абайдың 95-100 жылдығын өткізуге, Семейдегі, Жидебайдағы ақын музейін ұйымдастыруға белсене қатыстым, 1940 жылы Шыңғыстау деп аталатын ауданды Абай атына көшіруге Үкімет шешімі қабылдануына ұйытқы болдым».

Аталған іс-шаралар айтуға ғана оңай, шын мәнінде оларды іске асыру тек жігерлі, азаматтық ұстанымы айқын тұлғаның ғана сыбағасы еді.

Қайраткерлік Әбіштің ата тегінде, қанында бар нәрсе десек, артық айтқандық бола қоймас. «Абай жолы» эпопеясынан жұртқа белгілі Жиренше би Шоқаұлы (1834-1915) көп жылдар Абаймен дос болған. Ол Абай Оразбай, Күнту, Бөжейлермен жауласқанда солардың жағына шығып кетіпті. Басында Жиренше мен Оразбайдың шешен, би санатында билікке, ел сөзіне араласуына Абайдың өзі себепші болса керек. Әкесі Құнанбайдың оң қолы болған жігіт шағында екеуі үнемі Абайдың қасына еріп жүріпті.

Бұл жайлы Мұхтар Әуезов 1933 жылғы «Абайдың туысы мен өмірі» деген зерттеу мақаласында былайша жазады: «...Абай енді өз замандастарынан дос іріктей бастады. Сол ретпен тапқан кісілері: Есболаттан Оразбай, Көтібақтан Жиренше, Бөкеншіден Ербол, Әкімқожа, т.б.».

Х.Матаев жоғарыда айтқан өз естелігінде ұлы Мұхтар Әуезов «Абайдың өмірбаянын» екінші рет 1940 жылы жазған кезінде «Абай өмірбаянына қосымша материалдар» деген айдармен берілген естеліктер арасына Жиреншенің Мұсылманқұлы Абайдың өз аузынан естіп, айтып берген «Абылай туралы айтқаны», «Құнанбай мен Ағанас батыр туралы» екі әңгімесі енгенін алға тартады.

Тағдыр талқысын бір кісідей көрген талант иесі Әбіш Жиреншиннің азаматтық ұстанымы мен қайраткерлік келбетін ашуға біреу мысалды келтіре кетелік. Оның біріншісі – Қазақстан Орталық музейінің директоры қызметін атқарған жылдары (1942-1952 жж.) көптеген зерттеулерді ұйымдастырып, талай игі шараларға мұрындық болғандығы.

Мәселен, белгілі тарихшы- археолог Амантай Исин өзінің Шыңғыстауда жүргізген археологиялық қазбалары жайлы мақаласында былай дейді: «В организации этнографической экспедиции Центрального музея Казахстана в 1947 г., когда впервые были исследованы курганограды бронзового века на территории бывшего колхоза «Сарыколь» Абайского района, большую роль сыграл литературовед Абиш Жиреншин. Непосредственно раскопки осуществила Л.К. Нифонтова» («Абай» журналы, №3, 2007 ж.). Осыны өлкетанушы Кәкен Шұлғаубаев деген азамат та құптап, былайша нақтылап жеткізеді: «Шыңғыстауға бұрын-соңды ешқандай да экспедиция ат ізін салмаған. 1947 жылдан 1949 жылға дейін арнайы этнографиялық экспедиция келген. Оны басқарған этнограф ғалым Әбіш Жиреншин ағамыз. Ол кісімен бірге үлкен ғалым Әлкей Марғұлан, суретші Әбілхан Қастеев және біраз тарихшы археолог-студенттер Сарыкөл мен Текебұлақта болған. Текебұлақ жерінде «Неолит» дәуірінен бері қарайғы ескерткіштердің бәрі бар. Мен оқушы кезімнен бастап Қазақ КСР Ғылым академиясымен тікелей байланыста болдым» («Семей таңы» газеті. №30, 2000 жылдың 28 шілдесі).

Ә.Жиреншин 1969 жылғы Х.Матаевқа жолдаған хатында армандаған тарихи-өлкетану мұражайы 2012 жылдың қараша айында Қарауыл төрінен ашылды. Бос тұрған ескі ғимарат облыстық бюджеттен 48 млн. теңге бөлінуінің нәтижесінде қайтадан жөндеуден өтіп, мұражайға айналып шыға келген. Онда аудан тарихына қатысты құнды жәдігерлер өте көп.

Жоғарыда 1961 жылғы Абай жинағы бұрын соңды болмаған мол таралыммен басылып шықты дегенбіз. Оған Әбіш Жиреншиннің Қазақстанның полиграфия және кітап саудасы бас мекемесін басқаруы (1957-1962 жж.) бірден-бір себепкер болғанын айта кету парыз.

Мұханның дос-шәкірті, абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметханов бірде: «...Ұлы Мұхтар да, мен де, жазушы Кәмен Оразалин де, көптеген белгілі ғалымдар М.Мырзахметов, С.Қирабаев, Ә.Жиреншин, З.Ахметов, т.б. күллі ғұмырымызды Абайдың туған және өскен ортасын зерттеуге арнадық», деп ағынан жарылған еді. Десе дегендей, Әбіш аға абайтану өрісінен біржола қол үзген емес. Ол өзі үлгі алған ағалары Мұхаң, Әрхамдар сияқты ақырғы демі таусылғанша жүрегі «Абай» деп соққан ғалымның бірі болды. Жігерлі, қайсар ғалымның мол мұрасын жүйелеп, тексеріп, ғылыми айналымға енгізу келешектің еншісінде.

Асан ОМАРОВ